



2017 жылғы _____
года _____

Астана, Үкімет Үйі

« » _____ 2017 _____

№ _____

№ _____

№ _____ данасы

экз. № _____

№ исх: 11-21/168 от: 02.03.2017

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

20.01.2017 ж.
№ ДС-13 сауалға

Құрметті депутаттар!

Сіздердің Қарағанды облысының Шахан кентінде орын алған жағдайды болдырмауға қатысты сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Тұрғын және әлеуметтік маңызы бар объектілерді салу мен пайдалануды мемлекеттік бақылау саласында тәртіп орнату бойынша Үкіметтің іс-шараларына қатысты.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 желтоқсандағы ҚР Заңымен комиссия арқылы қабылдау алып тасталды және объектіні пайдалануға қабылдаудың жаңа тәртібі енгізілді.

Жаңа тәртіп бойынша 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік органдардың қатысуынсыз құрылысқа тапсырыс беруші мердігерлермен, техникалық және авторлық қадағалаулармен бірлесіп декларативтік әдіспен объектіні пайдалануға қабылдайды.

Сонымен бірге, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексте сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында құқық бұзғаны үшін ескерту жасауға, лицензияны тоқтатуға, одан айыруға алып келетін жауапкершілік, құрылысты ұйымдастыру жөніндегі қызметі үшін сондай-ақ 20 айлық есептік көрсеткіштен (бұдан әрі – АЕК) 700 АЕК-ке дейінгі мөлшерде әкімшілік айыппұл көзделген.

Бұдан басқа ҚР Қылмыстық кодексінде, сапасыз құрылысқа қатысты, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы

қағидаларды немесе нормативтік талаптарды бұзушылықтармен сапасыз салынған құрылысқа байланысты қылмыс үшін жауапкершілік көзделген, сондай-ақ сараптамалық жұмыстарды немесе инжинирингтік қызметтер көрсетуді тиісінше орындамағаны үшін 2000 АЕК дейін мөлшердегі айыппұлға әкеп соғатын, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан 3 жылға дейінгі мерзімге айыру, сондай-ақ 2 жылдан 8 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Қазіргі таңда сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы бақылау және қадағалау функцияларын жүргізуге негіз болатын нормативтік-құқықтық актілерге талдау жүргізіліп жатыр. Осыған орай, Үкіметтің іс-шаралар жоспарына тұрғын және әлеуметтік маңызы бар объектілерді салу мен пайдалануды мемлекеттік бақылау саласында тәртіп орнатуды қосу орынсыз деп санаймыз.

Елді мекендердегі тұрғын үй қорының жай-күйіне сараптама жүргізуге және тұрғын үйдің қауіпсіздігі мен оны жылытуды қолдауға бағытталған қажетті шаралар қабылдау бойынша ұсыныстар дайындауға қатысты.

Ішкі істер министрлігі (ИИМ) өңірлердің әкімдіктерімен бірлесіп ағымдағы жылғы қаңтар-ақпанда көп пәтерлі тұрғын үйлердегі, білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік сала объектілеріндегі пайдаланылатын жылу беру жабдықтарына тексеру жүргізді.

Тексеру нәтижелері бойынша 10997 дербес жылу беру жүйесі анықталды. Дербес жылу беру жүйелерімен 3140 көп пәтерлі тұрғын үй, 5216 білім беру объектісі, 1315 емдеу мекемесі, 182 әлеуметтік мекеме (сәбилер үйі, балалар үйі, қарттар мен мүгедектерге арналған интернаттар), 1144 мәдени-ойын сауық және спорт объектілері жабдықталды.

«Қазандық құрылғылар» ҚР ҚНЖЕ 4.02-08-2003 2.5-тармағының талаптарын бұза отырып, көп пәтерлі тұрғын үйлер ғимараттарында (жертөле үй-жайлары мен цокольдық қабат) 2135, оның ішінде 2 қабатты үйлерде -1468, 3-9 қабатты үйлерде – 667 қазандық орналасқан, 10 және одан жоғары қабатты үйлерде автономды жылу беру жүйелері жоқ.

Бұдан басқа, «Қазандық қондырғылары» ҚР ҚНЖЕ 4.02-08-2003 2.6-тармағының талаптарын бұза отырып (қоғамдық, әкімшілік және тұрмыстық ғимараттар үшін 0,07 Мпа кем емес жұмыс қысымы бар және 115°C температурадан кем емес жапсарлас салынған қазандықтарды жобалауға рұқсат етіледі) 129 орта мектептің, 100 емдеу мекемесінің ғимараттарында, 22 мәдени-ойын-сауық және 9 спорт объектілерінде 260 қауіпті техникалық құрылғы жапсарлас салынған.

Тексерудің нәтижелерін ескере отырып, сондай-ақ халықтың қауіпсіздігін арттыру мақсатында ІІМ өңірлердің әкімдіктеріне мынадай ұсынымдар берді:

- жапсарлас салынған немесе жеке тұрған ғимараттарда дербес жылу жүйесін орналастырып, оларды тұрғын және қоғамдық ғимараттардан шығаруды жүзеге асыру;

- қоғамдық ғимараттардағы дербес жылу жүйесінің техникалық жай-күйіне жүргізілген кешенді зерттеуді ескере отырып, осы саладағы бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу.

Бұдан басқа, менің тапсырмам бойынша ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары А.Ұ. Маминнің төрағалығымен құрамына мүдделі мемлекеттік органдар кіретін, ТКШ объектілерінде қазандық және газ жабдықтарының пайдалану қауіпсіздігі мәселелерін шешу үшін жүйелі шаралар әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы құрылды.

Жұмыс тобы ЖАО тұрғын үй инспекциясы негізінде тұрғын үй-техникалық инспекциясын құру және оларға жедел жауап қайтару құқығын беру бөлігінде ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы», Кәсіпкерлік кодекстеріне және ҚР «Азаматтық қорғаныс», «Газ және газбен жабдықтау», «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңдарына өзгерістер енгізудің орындылығы туралы әзірледі.

Қадамдық жұмыс мақсатында Жұмыс тобы мүдделі мемлекеттік органдармен және өңірлердің әкімдіктерімен келісілген «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінде қауіпті техникалық құрылғыларды, газды және газбен жабдықтауды қауіпсіз пайдалануды заңнамалық қамтамасыз ету бойынша» Жол картасының жобасын әзірледі.

Мемлекеттік органдардың алдағы жұмысы көрсетілген Жол картасының шеңберінде жалғасатын болады.

Жаңадан салынып жатқан объектілерде сәулет-құрылыс бақылау орындарының тексеру жүргізуіне қатысты.

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» ҚР Заңына сәйкес құрылысы жүріп жатқан (құрылысы басталатын) және пайдалануға қабылданған объектілердің мониторингін жергілікті атқарушы орган, оның ішінде мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдары жүргізеді.

Сапалы құрылысты қамтамасыз ету мақсатында ҚР Кәсіпкерлік кодексінде мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдарының техникалық қадағалады жүзеге асыратын тұлғалардың қызметін тексеруі жөніндегі құзыреті көзделген.

Сонымен, мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдары 2016 жылға техникалық қадағалау сарапшыларының 1132 қызметін тексеру жүргізді.

Оның қорытындылары бойынша техникалық қадағалау сарапшыларының 203 аттестатының әрекеті тоқтатылды, 5 сарапшы аттестатынан айырылды. Жалпы сомасы 90,4 млн. теңге айыппұл салынды.

Жоспардан тыс тексеру бойынша:

мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдары 2016 жылы 5239 жоспардан тыс тексеру жүргізді. 5494 әкімшілік іс қаралды (айыппұлдың жалпы сомасы 727,9 млн. теңге).

Объектіге бару арқылы бақылаудың өзге нысанын жүргізу:

мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдары 2016 жылға 6788 қадағалаудың өзге нысанын жүргізді. Оның қорытындылары бойынша анықталған бұзушылықтарды жою бойынша 4906 нұсқама берілді.

Халықты сапалы және қауіпсіз тұрғын үймен қамтамасыз ету бөлігінде заңнаманы жетілдіруге қатысты.

Объектілердің өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде (жобалау, құрылыс, пайдалану, кейіннен кәдеге жарату) қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын негізгі талаптар «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» ҚР Заңның 27-2-бабында және «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» туралы техникалық регламентінде (ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 17 қазандағы № 1202 қаулысымен бекітілген) белгіленген.

Тұрғын ғимараттар құрылысы жобаланып жатқан объектілердің сенімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ететін қолданыстағы құрылыс нормалары мен қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Салынып жатқан объектілердің сапасы мен қауіпсіздігін арттыру мақсатында құрылыстар мен ғимараттардың конструкцияларына қойылатын жоғары талаптарды белгілейтін Еурокодтармен үйлестірілген жобалау жөніндегі жаңа қағидалар жинақтары қабылданды.

Қазіргі кезде, еркін қолданыстағы нормативтер ретінде Еурокодтар қолданыстағы құрылыс нормаларымен және қағидаларымен (бұдан әрі - ҚНЖЕ) қатар әрекет етеді.

Барлық ҚНЖЕ бас тарту және Еурокодтар жүйесіне толығымен ауысу 2019 жылдың аяғында жүзеге асырылатын болады.

Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейін бағдарламасы бойынша тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту және тұрғын үй секторына күрделі жөндеу жүргізу үшін қаржыландыруды ұлғайту мүмкіндігін қарастыруға қатысты.

Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі (Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту) бағдарламасын іске асырған 2011 – 2015 жылдары барлығы республикалық бюджеттен 33,6 млрд.

теңге бөлінді, 2 332 тұрғын үй жөнделді (1 641 тұрғын үйге күрделі және 691 тұрғын үйге ағымдағы жөндеу жүргізілді).

Үй-жайлардың меншік иелерінің келісімдері көп пәтерлі тұрғын үйде жөндеу жүргізу үшін негізгі фактордың бірі болып табылады.

Сонымен бірге, Бағдарламаны қаржыландыру тетігіне сәйкес бұрын жөнделген тұрғын үй иелерінің қайтарымды қаражаты есебінен жөндеу жұмыстары жүзеге асырылады.

Бағдарламаны іске асыру басталғаннан бері пәтер меншік иелері қайтарған қаражат 6,6 млрд. теңгені құрады, 337 үй жөнделді.

2016 – 2017 жылдары республикалық бюджеттен үйлерді күрделі жөндеуге қаражат бөлінген жоқ.

Бағдарлама шеңберінде тұрғын үйлерді жөндеуге қаражат бөлу мәселесі бюджеттік заңнамаға сәйкес 2018 – 2020 жылдарға арналған бюджетті жоспарлаған кезде қарастырылатын болады.

Жаңа тұрғын үй құрылысын қаржыландыру мәселелері «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасында көзделген.

Бағдарламаны іске асыру кезеңінде 52,8 млн. шаршы метр жаңа тұрғын үйді (505 мың пәтер) пайдалануға беру жоспарланған, бұл тұрғын үй қорын 18%-ға (403 млн. шаршы метр) және халықтың қамтылуын 2015 жылмен салыстырғанда 2-тармаққа (21 шаршы метр/адам) арттыруға мүмкіндік береді.

Тұрғын үй қорының күтіп-ұсталуын және пайдаланылуын қоғамдық бақылау үшін қоғамдық ұйымдарды тарту мәселелерін зерделеуге қатысты.

Тұрғын үй заңнамасын жетілдіру мақсатында Ұлттық экономика министрлігі көп пәтерлі тұрғын үйлерді басқару саласында тұрғын үй қатынастарының жаңа моделін енгізу мәселесін қарау үшін жұмыс тобын құрды.

Жұмыс тобының құрамына қоғамдық ұйымдардың, пәтер меншік иелірінің, ПИК қауымдастығының, Астана қаласы әкімдігінің, кондоминиум объектісін басқару органдардың өкілдері кірді.

Жұмыс тобы мынадай мәселелерді қарастырады:

- ашықтықты және кондоминиум объектісін басқару органына сенімділікті қамтамасыз ету;

- пәтерлер меншік иелерінің бірлестіктері мен басқарушы компаниялардың арасында келісім шарттық қатынастарды дамыту;

- тоқсан сайын кондоминиум объектісін басқару бойынша есепті толық көлемде беруді қамтамасыз ету;

- кондоминиум объектісін басқару органдарының көрсетілетін қызметтеріне уақтылы төлем жасауды қамтамасыз ету болып табылды.

Тұрғын үй қатынастарының жаңа моделінің мақсаты «Бір үй – бір шот» қағидатын іске асыру болып табылды болып табылды. Қағидатты енгізу әрбір үйде өзінің ағымдағы және жинақ шоттарын ашуды

көздейді, оларда тек қана бір кондоминиум объектісін күтіп-ұстау және жөндеу үшін пәтер меншік иелерінің қаражаты жинақталады.

Осы қағидатты тиімді іске асыру, сондай-ақ ашықтықты арттыру және пәтерлер меншік иелерінің тарапынан бақылауды күшейту үшін пәтерлер меншік иелері электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып дауыс бере алатын және кондоминиум объектісін басқару бойынша ай сайынғы есепті қарайтын бірыңғай ақпараттық жүйе енгізу қаралып жатыр.

Тұрғын үй қорының күтіп-ұсталуына және пайдаланылуына қоғамдық бақылауды күшейту және кеңейту үшін қоғамдық құрылымдарды тарту жұмыс тобының отырыстарында қаралатын болады, олардың қорытындылары бойынша тиісті шешімдер әзірленді.

Жоғарда көрсетілген мәселелердің барлығы мемлекеттік органдардың, өңірлер әкімдіктерінің және Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Жұмыс осы бағытта жалғастырылатын болады.

Б. Сағынтаев

№ исх: 11-21/168 от: 02.03.2017

**Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан**

На № ДС-13
от 20.01.2017 г.

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев Ваш запрос, касательно недопущения ситуации, сложившейся в п. Шахан Карагандинской области сообщаю следующее.

Относительно плана мероприятий Правительства по наведению порядка в сфере госконтроля за строительством и эксплуатацией объектов жилого и социального значения.

Законом РК от 29 декабря 2014 года «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам кардинального улучшения условий для предпринимательской деятельности в Республике Казахстан» исключена комиссия приемки и введен новый порядок приемки объектов в эксплуатацию.

По новому порядку с 1 января 2016 года объекты принимаются в эксплуатацию заказчиками строительства совместно с подрядчиками, техническим и авторским надзорами без участия государственных органов декларативным методом.

Вместе с тем, в Кодексе об административных правонарушениях предусмотрена ответственность за правонарушения в сфере архитектурной, градостроительной и строительной деятельности, которая влечет предупреждение, приостановление, лишение лицензии за деятельность по организации строительства, а также административные штрафы в размере от 20 МРП до 700 МРП.

Также в Уголовном кодексе РК предусмотрена ответственность за преступления, связанные с недоброкачественным строительством, с нарушениями правил или требований нормативов в сфере архитектурной, градостроительной и строительной деятельности, а также ненадлежащее выполнение экспертных работ или инжиниринговых услуг, влекущее штрафы до 2000 МРП, лишение права занимать определенные должности или заниматься определенным видом деятельности сроком до 3 лет, а также лишение свободы от 2 до 8 лет.

На данный момент ведется анализ нормативных правовых актов на основании которых осуществляются контрольно-надзорные функции по архитектурной, градостроительной и строительной деятельности. В связи с чем, включение в план мероприятий Правительства наведения

порядка в сфере госконтроля за строительством и эксплуатацией объектов жилого и социального значения полагаем нецелесообразным.

Касательно проведения экспертизы состояния жилого фонда в населенных пунктах и подготовке предложений по принятию необходимых мер направленных на поддержание безопасности и отопления жилья.

Министерством внутренних дел (МВД) совместно с акиматами регионов в январе-феврале т.г. проведена ревизия эксплуатируемого отопительного оборудования в многоквартирных жилых домах, на объектах образования, здравоохранения и социальной сферы.

По результатам ревизии выявлено 10 997 систем автономного отопления. Системами автономного отопления оборудовано 3 140 многоквартирных жилых домов, 5 216 объектов образования, 1 315 лечебных учреждений, 182 социальных учреждения (дома малюток, детские дома, интернаты для престарелых и инвалидов), 1 144 культурно-зрелищных и спортивных объекта.

В нарушение требований пункта 2.5 СНиП РК 4.02-08-2003 «Котельные установки» в зданиях многоквартирных жилых домов (подвальные помещения и цокольные этажи) размещено 2 135 котельных, в том числе в двухэтажных жилых домах – 1 468, трех-девяти этажных - 667, десятиэтажные и выше дома системами автономного отопления не оборудованы.

Кроме того, в нарушение требований пункта 2.6 СНиП РК 4.02-08-2003 «Котельные установки» (для общественных, административных и бытовых зданий допускается проектирование встроенных котлов с рабочим давлением менее 0,07 МПа и температурой менее 115 °С) 260 опасных технических устройств встроены в здания 129 средних школ, 100 лечебных учреждений, 22 культурно-зрелищных и 9 спортивных объектов.

С учетом результатов ревизии, а также в целях повышения безопасности населения МВД были даны акиматам регионов следующие рекомендации:

- осуществить вынос автономных систем отопления из жилых и общественных зданий, с размещением их в пристроенных или отдельно стоящих зданиях;

- с учетом проведенного комплексного обследования технического состояния систем автономного отопления в общественных зданиях разработать план мероприятий по устранению нарушений в данной сфере.

Кроме того, по моему поручению под председательством Первого Заместителя Премьер-Министра РК Мамина А.У. создана Рабочая группа по выработке системных мер для решения вопросов

безопасности эксплуатации котельного и газового оборудования на объектах ЖКХ, в составе заинтересованных государственных органов.

Рабочей группой выработаны предложения о целесообразности внесения изменений в Кодексы РК «Об административных правонарушениях», «Предпринимательский кодекс» и Законы РК «О гражданской защите», «О газе и газоснабжении», «О жилищных отношениях», в части создания на базе жилищных инспекций МИО, жилищно-технические инспекции с наделением за ними права оперативного реагирования.

В целях пошаговой работы Рабочей группы разработан проект Дорожной карты по законодательному обеспечению безопасной эксплуатации опасных технических устройств, газа и газоснабжения на объектах ЖКХ, который согласован с заинтересованными государственными органами и акиматами регионов.

Дальнейшая работа государственных органов будет продолжена в рамках указанной Дорожной карты.

Касательно проведения проверки органами архитектурно-строительного контроля по строительству новых объектов

В соответствии с Законом РК «Об архитектурной, градостроительной и строительной деятельности в Республике Казахстан», мониторинг строящихся (*намечаемых к строительству*) и введенных в эксплуатацию объектов ведется местными исполнительными органами, в том числе органами государственного архитектурно-строительного контроля.

В целях обеспечения качественного строительства Предпринимательским кодексом РК предусмотрена компетенция по проверке деятельности лиц, осуществляющих технический надзор органами государственного архитектурно-строительного контроля.

Так, органами государственного архитектурно-строительного контроля за 2016 год проведена проверка деятельности 1 132 экспертов технического надзора.

По итогам, которого приостановлено действие 203 аттестатов экспертов технического надзора, лишены аттестатов 5 экспертов. Общая сумма наложенного штрафа 90,4 млн. тенге.

По внеплановым проверкам:

за 2016 год органами государственного архитектурно-строительного контроля проведено 5 239 внеплановых проверок. Рассмотрено административных дел – 5 494 (*общая сумма штрафа 727,9 млн. тенге*).

Проведение иной формы контроля с посещением объекта:

за 2016 год органами государственного архитектурно-строительного контроля проведено 6 788 иных форм контроля. По

результатам, которых выдано 4 906 предписаний по устранению выявленных нарушений.

Относительно совершенствования законодательства в части обеспечения населения качественным и безопасным жильем.

Базовые требования к обеспечению безопасности объектов на всех этапах их жизненного цикла (*проектирование, строительство, эксплуатация, постутилизация*) установлены статьей 27-2 Закона «Об архитектурной, градостроительной и строительной деятельности в Республике Казахстан» и техническим регламентом «Требования к безопасности зданий и сооружений, строительных материалов и изделий» (*утверждены постановлением Правительства РК от 17.11.2010 года № 1202*).

Строительство жилых зданий осуществляется в соответствии с действующими строительными нормами и правилами, обеспечивающими надежность и устойчивость проектируемых объектов.

Для повышения качества и безопасности строящихся объектов приняты гармонизированные с Еврокодами новые своды правил по проектированию, устанавливающие повышенные требования к конструкциям зданий и сооружений.

В настоящее время Еврокоды действуют параллельно с существующими строительными нормами и правилами (далее - СНиП) в качестве нормативов добровольного применения.

Отмена всех СНиПов и полный переход к системе Еврокодов будут осуществлены в конце 2019 года.

Рассмотрение возможности увеличения финансирования по Программе развития регионов до 2020 года на модернизацию ЖКХ и проведение капитального ремонта жилищного сектора.

Всего за годы реализации Программы развития регионов (модернизация ЖКХ) с 2011 по 2015 годы из республиканского бюджета выделено 33,6 млрд. тенге, отремонтировано 2 332 жилых домов (*в 1 641 домах проведен капитальный ремонт, 691 текущий*).

Одним из главных условий для проведения капитального ремонта является наличие согласия собственников квартир.

Также, согласно механизму финансирования Программы, осуществляются ремонтные работы за счет возвратных средств собственников отремонтированных ранее жилых домов.

С начала реализации Программы возврат средств собственников квартир составляет 6,6 млрд. тенге, отремонтировано 337 дома.

На 2016 – 2017 годы средства из республиканского бюджета на капитальный ремонт домов не выделены.

Вопрос выделения средств на ремонт жилых домов в рамках Программы развития регионов до 2020 года в соответствии с

бюджетным законодательством будет рассматриваться при планировании бюджета на 2018 – 2020 годы.

Вопросы финансирования строительства нового жилья предусмотрены в Программе жилищного строительства «Нұрлыжер».

За период реализации Программы планируется ввод 52,8 млн. кв. метров нового жилья (505 тыс. квартир), что позволит увеличить жилищный фонд на 18% (403 млн. кв.м) и обеспеченность населения на 2 пункта по сравнению с 2015 годом (21 кв.м./чел.).

Касательно изучения вопросов привлечения общественных организаций для общественного контроля за содержанием и эксплуатацией жилищного фонда

В целях совершенствования жилищного законодательства в Министерстве национальной экономики создана рабочая группа для рассмотрения вопроса внедрения новой модели жилищных отношений в сфере управления многоквартирными жилыми домами.

В состав рабочей группы вошли представители общественных организаций, собственников квартир, Ассоциации КСК, акимата г. Астана, органов управления объектов кондоминиума.

Рабочей группой рассматриваются следующие вопросы:

- обеспечение прозрачности и доверия к органу управления объектом кондоминиума;
- развитие договорных отношений между объединением собственников квартир и управляющей компанией;
- обеспечение предоставления в полном объеме ежеквартального отчета по управлению объектом кондоминиума;
- обеспечение своевременной оплаты услуг органов управления объектом кондоминиума.

Целью новой модели жилищных отношений является реализация принципа «Один дом - один счет». Внедрение принципа предусматривает открытие в каждом доме своего текущего и сберегательного счетов, где будут накоплены средства собственников квартир для содержания и капитального ремонта именно одного объекта кондоминиума.

Для эффективной реализации данного принципа, а также повышения прозрачности и усиления контроля со стороны собственников квартир рассматривается внедрение единой информационной системы, в которой собственники квартир смогут голосовать с использованием электронной цифровой подписи и просматривать ежемесячный отчет по управлению объектом кондоминиума.

Привлечение общественных структур для усиления и расширения общественного контроля за содержанием и эксплуатацией жилищного фонда будет рассматриваться в течение года на заседаниях

вышеуказанной рабочей группы, по итогам которых будут выработаны соответствующие решения.

Все вышеизложенные вопросы находятся на постоянном контроле государственных органов, акиматов регионов и Правительства.

Работа в данном направлении будет продолжена.

Б. Сагинтаев